ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 05 қараша №2301-24-00-2/2882 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
«Assatillaev» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі С.Максотова,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 30 шілдеде тараптар көрсетілетін тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-471 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде «кәріздік люк» түріндегі тауарды жеткізуге міндеттенген. Тапсырыс беруші веб-портал арқылы өтінімді 2024 жылғы 15 тамызда жолдаған, яғни жауапкер тауарды 2024 жылғы 30 тамызға дейін жеткізуге міндеттенген.

Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, талапты қанағаттандыруды сұрады. Сотқа берген түсініктемесінде шарттың уақытылы орындалмауынан тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар бар екенін, өйткені кәріздік люк Атырау қаласындағы көшелердегі кәріз жүйесін жабу үшін қажет болғанын,

яғни тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет екенін түсіндірді.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды. Жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті тауарды жеткізбеді. Тауардың жеткізілмеуі салдарынан талап қоюшы үшін жағымсыз салдар орын алған.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2024 жылғы 20 қыркүйекте жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 12.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.12.2024, судья Султангалиева А. Е., 18.12.2024

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Assatillaev» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Assatillaev» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Assatillaev» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «___» _____2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 12.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.12.2024, судья Султангалиева А. Е., 18.12.2024